

А.Б.Мырзабаев¹, Г.К.Тұрлыбекова¹, Д.Л.Голованов²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей
(E-mail: mba_57@mail.ru)

Экологиялық сауаттылық — ноосфералық сананың алғышарты

Мақаланың негізгі арқауы экологиялық тәрбиеге арналған. Осы тұрғыда экологиялық сауаттылық қазіргі таңда аса маңызды болып табылады. Қазіргі туындаған ауқымды экологиялық проблеманы шешу ноосфералық сана қалыптастырумен байланысты. ХХІ ғасырда адамзат өзінің даму нобайын түбегейлі өзгерту қажеттігі ғалымдардың зерттеулеріне негізделіп көрсетілген.

Кілт сөздері: экологиялық сауаттылық, экологиялық мәдениет, ноосфера, тұрақты даму, коэволюция, ноосфералық сана.

ХХ ғасырдың соңы жалпыпланеталық өркениеттің даму тарихында есте қаларлықтай кезең болды. Осы кезде материалдық, ғылыми, саяси, әлеуметтік, рухани және білім беру сияқты өмірдің әр саласында ауқымды өзгерістер орын алды. Қазақстанның құқықтық мемлекет болып қалыптасуы, нарықтық экономикалық демократиялық қоғам жолымен дамуды таңдауы өз алдына қиындыққа толы бола отырып, құндылықтар мен әлеуметтік басым бағыттардың ауысуымен байланысты болды.

Адамзаттың келешегі көптеген жағдайлармен анықталады, оның ішінде негізгілері — биосфераның даму заңдылықтарын білу міндеті, оның бұзылуы мен күйреуі себептерін білу және адамға тұтыну шегінен шықпау, табиғат тепе-теңдігін сақтау болып есептеледі. Өткен ғасырдың басында ғалым В.И.Вернадский: «Адамзат жер жаһанның негізгі геологиялық-түзуші күші болып тұр, күндердің бір күні табиғат пен адамның әрі қарай дамуын өз жауапкершілігіне алатын уақыт келеді», — деп айтқан еді. Ал қазіргі таңда адамның әрекеті биосфераға әсер ету қарқыны жөнінен өте ауқымды болып отыр. Адамзатқа өз тіршілігін осы Жер ғаламшарында жалғастыру үшін сыртқы табиғат ортасын сақтау, аялау қажет. Ол үшін биологиялық сауаттылық керек, сонымен қатар тірі ағзаның тіршілік ортасымен бірлікте тіршілік етуінің ғылыми негіздерін игеруі тиіс және оны өмірде, практикада кең қолдануы қажет. Экономикалық өсу ғаламшардың экологиялық мүмкіндіктерінің шегіне сыны қажет. Г.Х.Брунтленд бастаған комиссия адамзатты қоршаған ортаға зиянсыз, экологиялық дамудың жаңа дәуіріне үндеді, олар адамзат дамуды тұрақты ете алады деп мәлімдеді [1].

Адам табиғат перзенті, сондықтан оның тіршілігі табиғатпен тығыз байланыста. Ғылым мен техниканың жетістіктерінің салтанат құруы эволюциялық өлшеммен алғанда қысқа ғана мерзімде өркениетке жеткізе отырып, адам санасын табиғатты билеуге ұмтылды. ХХ ғасырдың ортасына таман қоршаған табиғи ортаның ластануы, биологиялық көптүрліліктің қысқаруы, табиғат қорларының жұтаң тартуы, түрлі аурулар және Жер тұрғындарының санының шамадан тыс артуы жекелеген аймақтардағы қайыршылық пен аштық төніп келе жатқан экологиялық дағдарыстың қаупін айқындай түсті.

Әлемдегі білім беру жүйесінің заман талабынан шыға алмауынан Жер-Ананың осыдан әрі қарайғы тағдырына жауап бере алатын, ғаламшарымыздың кейіпін жақсы жағына қарай өзгертуге қабілетті де құлықты адам тәрбиелеу қажеттігі туды. Өйткені ағарту жүйесі адам қалыптастырушы әлеуметтік механизм ретінде осалдық танытып тіршіліктің жойылып кету қаупіне қарсы тұра алатын, осы жөнінде күрделі мәселелерді шешетіндей дәрежеде білім беруге қауқарсыз болды. Ол білім берудің практикаға ілесе алмауы, саналы да парасатты тұлға тәрбиелеу мәселелерін шеше алмауынан айқын көрініс тапты.

Сонымен қазіргі адамзат дамуындағы көптеген проблемалардың ішіндегі бастысы — адамның сапалық сипаты, оның адамгершілік-рухани дамуы. Рухани, экологиялық дағдарыстан шығудың бір жолы деп космизм жолын алуға болады, оны кең ауқымында алсақ жоғары мәдениет ұғымын береді. Педагогикалық тұрғыда жемісті нәтижеге жеткізетін ол ноосфералық дүниетанымның негізі бола алады.

Балаға білім беру мен тәрбиелеуде олардың дамуы басты назарда болғандықтан, ноосфералық көзқарас дамыту проблемасы міндетті түрде оқытумен байланысты. Қазіргі деректер бойынша, мектеп бітіруші түлектер дәстүріміздегі табиғаттың тепе-теңдік мәселелерін, космизм (ғарыштық)

идеяларынан хабардар емес екендігі байқалды, ал осының барлығы ноосфералық таным қалыптастыруға және көзқарас дамытуға кедергі болатыны сөзсіз. Тек қана пәндік оқыту дәстүрден тыс ойлауға, дүниеге, әлемге біртұтастық көзқарас қалыптастыруға жетуге мүмкіндік бермейді. Оқушылардың білімі ретсіз әрі бей-берекет болып көп нәрсеге жете мән бере алмайды.

Дүниежүзі бойынша қазіргі өскелең жастың сұранысын қанағаттандыра тын, олардың талабына жауап бере алатын, сөйтіп қоршаған табиғат ортасын сақтай тын және адамның тіршілігін одан әрі жалғастырып дамыта алатын үшінші мыңжылдықтың жаңа білім беру моделі қарастырылуда. Білім берудің жаңа моделі БҰҰ шешіміне сай тұрақты даму стратегиясымен тығыз байланыста болуы тиіс.

XXI ғасыр — адамзат жаңаша ғылыммен қаруланып, жаңа технологияны жан-жақты меңгеруімен алғаш аяқ басып отырған заман. Білім жүйесі ғылымның ашқан жаңалықтарын жаңа ғасырда қалай пайдалана алады? Қалай пайдалануы тиіс? Осы сұрақтар жауабын табуда ғалымдар мен педагогика саласының мамандары Тұрақты даму тұғырнамасы негізінде зерттеулер жүргізуде.

Үшінші мыңжылдықта адамзаттың басына туған бірқатар ауқымды экологиялық проблема оның келешегін көмескі етіп, алдыңғы тағдырына күмәнмен қарауға мәжбүрлеп, Жер ғаламшарындағы тіршіліктің жойылып кетуі қауіпін алға тартты. Сөйтіп адамзат баласы алдында өзінің құндылықтары мен мақсаттарын түбегейлі өзгерту қажеттігін тудырды.

Әлемді толық қамтитын тоқыраудың болу мүмкіндігін ашып көрсетіп отырған деректер аз емес екендігін ескерсек, қазіргі үйреншікті (дәстүрлі) ойлау парадигмасының қанағаттанғысыз екендігін мойындаймыз. Осындай ауқымды мәселелерді шешу, әрине, осындай «кенже қалған» оқыту мен тәрбиелеу жүйесі арқылы мүмкін емес.

Сондықтан осы мыңжылдықтың басында адамзат өзінің нобайын немесе даму формасын түбегейлі өзгертуі қажет, сонда ғана ол ауқымды қауіптерге жауап беріп, өзінің одан әрі қауіпсіз де тұрақты дамуын қамтамасыз ете алады деп есептейді ғалым. Қоғам дамуының ең негізгі әлеуметтік механизмі ретінде білім беру, өз мазмұны мен даму формасын, өркениеттің тірі қалуына ықпал ететіндей дәрежеде өзгертуі қажет. Қазіргі уақытта ол осы «құтқарушы қызметін» атқара алмауда, өйткені әлі де біздің өткен уақытымызға негізделген «ескіше білім беруді» қуаттайды. Ал, «білім арқылы тірі қалу» деген — білім беру саласындағы түбегейлі жаңа инновациялық үдерістің ұраны немесе үндеуі, сонымен қатар ол тек қана жеке адамға ғана қатысты емес, барлық адамзатқа ортақ [2].

Шын мәнінде адамзатқа қатысты кез келген даму үдерісін алып қарасақ, қандай да бір жекелеген тұлғаның, ойшылдың қандайда бір ой-пікірі, жаңашылдығы қоғамдағы ілгерілеуге жетуге мұрындық болады. Оқу-ағарту жүйесі қазіргі даму қарқынының алдына шығуы үшін жаңа серпін алып, жаңа бағыт ұстануы керек. Осы біздің кезеңде бүкіл адамзат ден қойып отырған болашақтың алға жылжу бағыты тұрақты даму болып отыр. Қазіргі адам осы күнгі игерілген білімімен, мәдениеттегі жетістіктерімен де жаңа, тұрақты дамитын қоғам құра алуы күмәнді мәселе. Қоғамымызды қазіргі «апатты» кезеңнен алып шығу үшін жаңашылдық үдеріс қажет.

Басы ашық түсінікті жайт білім беру жалпы дамудың сыртында қалып қоймауы керек екендігі. Оқу-ағарту саласы дамудың бір құрам бөлігі ғана болып қоймай, негізгі элементі немесе сол дамуға жеткізетін негізгі «көрік» ретінде болуы тиіс. Ал тұрақты даму жолына өту және одан әрі өркениеттік үдерістерді қажетті салада дамыту үшін арнайы ұйымдастырылған жаңа талаптағы оқу-тәрбие жұмыстары қажет.

Педагогика мен психология, философия мен биология және басқа білім салалары адамзаттың айтылып отырған дамуына жеткізу үшін үздіксіз эволюцияланып өзінің мазмұны мен формаларын өзгертіп отыруы қажет.

Бүгінгі өмір көрсеткендей, әр түрлі оқыту технологияларын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу адамды мейрімділікке, рақымдылыққа тәрбиелегенімен, толыққандылық тұрғысынан ізгілікті ете алмауда. Керісінше, күнделікті өмірімізде көріп, естіп-біліп жатқанымыздай өзіне-өзі сенімсіздік, үрей, қорқыныш пен алаңдаушылық оның ішкі сезімінің, психикасының және рухани жағдайының тұрақты емес екендігін көрсетеді. Олай болса, ноосфералық ойлауға қабілетті адам тәрбиелеу бүгінгі күннің межесі болып табылады. Ғалымдар осы турасында өркениеттің даму парадигмасын өзгерту керек деген де пікір айтады.

Жаңа парадигмада қоғам мен табиғат коэволюция (біріккен эволюция) принципі негізінде бір-біріне үстемдік етпей дамитын болады.

1987 жылдары қоршаған орта және даму жөніндегі Халықаралық комиссия «Біздің ортақ келешегіміз» атты баяндама жариялады. Осы баяндамада әлем бойынша алдағы он жылдықтағы

экономикалық саясатты жасаудың кешенді жоспарын қамтамасыз ету негізі болып экологиялық тұрақты даму концепциясы аталды [3].

Осы концепция содан арғы өз дамуын БҰҰ-ның қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясында тапты. Конференциядағы қабылданған «XXI ғасырға арналған күн тәртібі» бағдарламасында өркениеттің дамуына баға беріліп, адамзаттың тұрақты даму бағытына көшуі қажеттігі жөнінде қорытынды жасалды. Тұрақты даму деген ұғым өзінде: адам тек табиғатпен үндестікте ғана денсаулықты және нәтижелі өмір сүруге құқы бар дегенді естен шығармау керектігін мойындату; қоршаған табиғат ортасын қорғау даму үдерісінің ажыратылмайтын, одан бөліп алып қарау мүмкін еместей құрамдас бөлігіне айналуы тиіс екенін мойындау сияқты тетіктерді береді. Тұрақты даму қоршаған табиғатты әрі қазіргі, әрі келешек ұрпақ үшін сақтауды ұйғарады. Қоғамның тұрақты даму концепциясы ноосфераны қалыптастыру пікірімен үндес және оны өрістетудің бастапқы кезеңі ретінде байқалады [3, 4].

Экологиялық білім беру мен тәрбиелеуді жетілдірудің тұғырлы негізі ретінде осы «өркениеттің тұрақты даму» тұғырнамасын айтуға болады. Қоршаған ортаны қорғау және даму жөніндегі осы алғашқы ауқымды экологиялық доктринаға Қазақстан да қосылған.

Жалпыадамзаттық планетааралық тұрақты дамуға (*үндестікте дамуға*. — Авторлар) ету үшін адамның жаңа сапасы қажет, жаңа сана, жасампаздық, жаңаша сапалы білім керек. 1992 жылғы Рио-де-Жанейродағы БҰҰ-ның конференциясында қазіргі қалыптасқан жағдайға терең талдау жасалып, тұрақты дамудың тұғырнамасы жасалған. Кең мағынасында алғанда тұрақты даму стратегиясы дегеніміз — Табиғат–Адам–Қоғам арақатысында тепе-теңдікке жету. Йоханнесбургте 2002 жылы 179 мемлекеттің үкіметі осы бағытта дамудың негізгі жолдарын белгілеп, адамзатты табиғат апаттарынан құтқару мен экологиялық және әлеуметтік-экологиялық дағдарыстан құтқару жолдарын айқындады. Бұл адамзат тарихындағы қоғам мен табиғат өзара ықпалдастығы проблемасының келешегі жөніндегі ең ірі кездесу болды. Осыған байланысты: «XXI ғасырға арналған күн тәртібі» халықаралық бағдарламасы, «Планета қауіпте» мемлекеттер мен халықтарға үндеу, «Адам және биосфера» атты табиғи қорларды қорғауға байланысты және көптеген халықаралық құқықтық құжаттар жасалды [4].

Білім және мәдениет мәселелері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының (БМБҰҰ) шешімі бойынша «Білім беру, ең алдымен, сананы дамытудың факторы болуы қажет» деп көрсетілген. «Адам өміріне қажетті мақсатты құрастыратын моральдық, рухани, эстетикалық байлықтар, ең алдымен, ескерілуі тиіс. Осы байлықтардың ішінде адамның абыройы, жақынына сүйіспеншілігі, табиғатпен үйлесімділігі әрбір жаңа дәуірде дамып, жаңаруы және іске асырылуы қажет», — деп көрсетілген [5]. Сондықтан көзделген мақсатты іске асыруда гуманитарлық білім маңызды роль атқарады.

Мектептегі білім беру үдерісін ізгілендіруге байланысты ғалым М.Ж.Жадрина былай деп жазады: «Қазіргі заманның басты мәселесі адамдық тұлғаны сақтап қалу болып табылады. Қоғамдағы өнегелілік тәрбиенің былыққа батуы, тұлғаның мәдениеттен, білімнен жат болып кетуі ақыл-парасаттың және жалпыадамзаттық қызығушылығынан пайда табу жолының биік тұруы, адам үстінен және оның рухани құндылықтарынан техниканың үстемдік етуі, білім беру аймағының адамға оның тұлға ретінде туылуына әсер етуін төмендетті. Бұл тығырықтан шығудың жолы, білім берудің ғылыми, технократтық моделінен, мәдени модельге бағытталып, білім беру үрдісін гуманизациялауға, яғни ізгілендіруге, ерекше көңіл бөлу қажет» [6].

Білім беру жүйесіндегі әлемдік дағдарыс ретінде есептеліп отырған осы жағдаяттан шығу тек оқыту әдіснамасының парадигмасын — репродуктивтіктен (еске түсіру тұрғысынан) продуктивтікке (тиімдіге) алмастыру арқылы ғана мүмкін деп есептейді ғалымдар Л.И.Шрагина және М.И.Меерович. Осы кезде ғана оқыту үдерісі барысында білім игеру мақсат қана емес, тұлғаны тәрбиелеу құралы болады [7]. Осы үдерістің міндетті құрылымдық компоненті болып тұлғаны дамытуды қамтамасыз ететін *психологияландыру*, шығармашылық қырларды қалыптастыратын — *эвристикалық* және оқуға үйрететін — *педагогикаландыру* болуы тиіс деп осындай сөзжасамдар құрып та бұл зерттеушілер оның маңызын тереңдете түседі. Басқаша айтқанда, осы компоненттер оқыту үдерісіне соншалықты «сіңуі» керек, соншалықты кіріктірілуі қажет, тіпті, тұлғаға тиіс қасиеттер өзі қалыптасатындай тұрғыда өрістеуі шарт.

Көп жылдық тәжірибелер нәтижелері көрсеткендей, осындай игі қасиеттерді алуға мүмкіндік беретін «Озыңқы педагогика» әдіснамасы, оны Украинаның ТРИЗ-педагогика зертханасы өнертапқыштық міндеттерді шешу теориясы (ӨМШТ) негізінде жасаған [8].

Осы сияқты философ, психолог және педагог ғалымдар білім беру саласында негізді өзгеріс қажет екенін мәлімдейді. Оны әр түрлі дәлелдейді: дағдарыстан шығу жолын іздестіру деп, жаңаша

білім беруге «бұзып жара өту» қажеттігі, тіпті, білім берудің классикалық негізі мен идеяларына қайта келу мүмкіндігі деп те айтады [9]. Бұл дегеніміз, мектепте берілетін жалпы білімнің мазмұнын, оқу жұмысын ұйымдастыруда оқыту әдістерін тұтастай қайта қарап, түбегейлі жаңартудың қажеттігі басты мәселе болып отыр.

«Ноосфера» ұғымының дефинициясына қысқаша тоқтала кетсек, латынша «noos» — *сана*, «sphaera» — *шар* деген ұғымды білдіріп, *саналық қабық* дегенді білдіреді. Француз ғалымдары Э.Леруа және П.Тейяр де Шарден алғаш рет ғылымға 1927 жылы енгізген ұғым. Олардың пікірінше, ноосфера биосферадан да жоғары деңгейдегі, бүкіл ғаламшарды қамтитын *ойлау қабығы*. Осы терминді пайдалана отырып, биосфераның қазіргідей адамзат басқарушы тармақ рөлін атқаратын жағдайын, сөйтіп, қоғамның одан әрі дамуын қамтамасыз ете алатын бағдарламаны жүзеге асыратын кезеңін В.И.Вернадский *ноосфера* деп атаған. 1944 жылғы өзінің соңғы мақаласында ол адамзат қазірдің өзінде ноосфера кезеңіне аяқ басты деп атап айтқан еді [10]. Бұл дегеніміз — сол кездің өзінде экологиялық ауқымды проблемалардың туындайтынын болжап айтқан деген сөз.

Ноосфералық педагогика — ноосфералық танымдық және білім беру нобайларына негізделген педагогикалық ғылым, яғни ноосфераның баламасыз екендігі және қалай да келетінін мойындау [11].

Ноосфералық ойлау парадигмасы В.И.Вернадский уақытынан басталып көптеген ғалымдар мен ойшылдар еңбектерінде көрініс тапты. Олар К.Э.Циолковский, П.Тейяр де Шарден, Н.Н.Моисеев, А.И.Субетто, Н.А.Бердяев, А.Д.Урсул т.б. [12–17]. Осы кезеңнен бастап жас жеткіншектің, жеке тұлғаның экологиялық мәдениетін тәрбиелеу жолдарын табу педагогикадағы рухани-адамгершілік проблемаға айналды.

Бұқара халықтың сапасын түбегейлі өзгертудің қиындығы тұтынушылық пиғылмен уланған адамзатты сол тұманнан алып шығуға келіп тіреледі. Ол үшін Тарихи–Эволюциялық–Мәдени парадигманы құрайтын басқа, мәртебелі құндылықтар санадан орын алуы керек. Осының негізін құрайтын ноосфералық даму идеологиясы мен практикасы.

Осыған байланысты білім беру мен тәрбие саласына да жаңа рухани-адамгершілік және әлеуметтік-экономикалық талаптар қойылуда.

Қай кезеңде болмасын дамушы жас мемлекетке білімді де адамгершілікті және құзыреттілігі жоғары, кез келген қажетті жағдайда дербес шешім қабылдай алатын, жүйрік те терең ойлы азаматтар қажет. Ол елдің болашағын ойлайтын, оның өркендеп дамуына әркез өзін де жауапты санап, үлес қоса алатын адам. Білім мен тәрбие жеке тұлғаның қалыптасуының негізін қалайтындықтан, осындай адамның өсіп жетілуі білім жүйесінің тікелей міндетіндегі мәселе.

Бүгінгі таңда адам әрекеті биосфераға әсер ету жағынан аса ауқымды. Осыдан әрі тіршілік қандай күй кешетіні тек экологиялық білімнің, биологиялық-экологиялық сауаттылықтың деңгейіне байланысты. Бұл жағдайдың төмен екендігін әлемдік қауымдастық жалпы адамзаттың мәдениет деңгейінің төмендігі, оның ішінде экологиялық мәдениеттің төмендігінен деп түсінеді. Жаңа ғасырда жеке тұлғаның экологиялық дамуы мемлекеттің білім беру саясатында басыңқы бағыт және маңызды фактор болуда, өйткені ол тек қана табиғатты қорғаудың жолы емес, жалпы алғанда адамзат өркениетін сақтау тәсілі де [18].

Қазақстан бойынша да осы мәселе мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірінен саналады. ҚР Конституциясының 31-бабының 1-тармағы [19], «Қоршаған ортаны қорғау жөнінде» Заңының 73-бабының 2-тармағы [20], ҚР «Білім туралы» Заңы 3-бап, 3-тармақ [21], ҚР «Экологиялық қауіпсіздігін сақтау тұжырымдамасы» [22] сияқты құжаттар осыған дәлел. Сонымен қоса еліміздің жоғарғы оқу орындарында өтетін халықаралық, республикалық және аймақтық конференцияларда әлемдегі, Қазақстандағы экологиялық білім проблемалары және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамытудың тиімді жолдарын іздеу талданып қарастырылуда.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы мемлекеттер басшылары кеңесінің 2012 жылғы 5 желтоқсанда Түрікменстанда (Ашхабад) өткен саммитінің «Тәуелсіз мемлекеттер достастығында 2013 жылды экологиялық мәдениет және қоршаған ортаны қорғау жылы деп жариялау туралы» шешімінің 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының 2013 жылы Қазақстан Республикасында Экологиялық мәдениет және қоршаған ортаны қорғау жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді [23].

Қазақстандық білім берудің ұлттық моделі әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, көп деңгейлі әрі үздіксіз білім беру сипаттарымен ерекшеленбек. Қазақ халқының мәдениеті мен өнері, қазақ жерінде тұратын өзге халықтар өнері мен мәдениетінің бірлігі ұлттық өзіндік сананың дұрыс қалыптасуының

маңызды факторы болып табылады. Сонымен қатар ол ең жақсысын, әлемдік көркем мәдениеттің озығын, өскелең ұрпақтың оқуы мен тәрбиесіндегі әлемдік тәжірибесіндегі оң жетістіктерін өзіне алуы тиіс [24].

Адамзат үшін экологиялық проблемалардың шешілуінің маңызын ұғыну оны түрлі деңгейде және әр түрлі қырынан қарауға түрткі болып, зерттеулер жүргізді. Олар:

- экологиялық білім беруді жүзеге асырудың әдіснамалық негізі мен шарттарын: философтар Н.М.Мамедов, Э.В.Гирусов, А.Д.Урсул, Н.Н.Моисеев және тағы басқа ғалымдар еңбектерінде, педагогтар Н.Ж.Дағбаева, Г.Н.Каропа, Д.Н.Кавтарадзе, И.Д.Зверев, И.Н.Пономарева, Т.Ақыбаева, Ж.Ж.Жатқанбаев, М.Н.Сарыбеков, С.Д.Дерябо, В.И.Панов, В.А.Ясвин т.б.;
- экологиялық білім жүйесін дамытудың концептуалды қырларын Г.П.Сикорская, М.Н.Сарыбеков, Н.Д.Андреева т.б.;
- оқушыларға экологиялық білім берудің формалары мен әдістерінің мазмұнын талдау: А.Н.Захлебный, И.Д.Зверев, И.Т.Суравегина т.б.;
- жоғарғы мектепте экологиялық мәдениетке тәрбиелеу мәселелерін: В.К.Назаров, М.А.Лигай, И.В.Абдрашитова, Т.В.Анисимова, Ж.Ж.Жатқанбаев, Г.К.Дилимбетова, К.Б.Тлебаева т.б.;
- бастауыш білім және орта кәсіби білім беру салаларында экологиялық білім беруді талдау: Н.Н.Егорова, Г.А.Иванов, О.Н.Рябцева т.б.;
- экологиялық білім мен мамандар даярлаудың аймақтық-ұлттық бағыттары: Р.А.Махабадарова, Д.Ц.Анудариева, Л.Г.Никифоров, С.А.Иванов, С.Бейсенова т.б.;
- қазақтың табиғат қорғау дәстүрлері арқылы экологиялық тәрбие беру проблемасы жөнінде: М.Н.Сарыбеков, Т.Ә.Қоңыратбаева, С.Қоңырова, Д.Жангелдина т.б. еңбек еткен.

Осы және басқа да көптеген экологиялық проблемаларды ашуға бағытталған ғылыми еңбектер осы проблеманың қазіргі күнде маңызды және зерттеу қажет екендігін көрсетеді. Солай дегенмен де біздің елімізде экологиялық білім берудің «жастығы» (1950–60-жылдардан басталған) байқалады, ғалым Н.Ф.Реймерс осы турасында «Экология кеңейе түсетін Ғалам (вселенная) сияқты, әрі жас, әрі мәңгілік» [25] деген болатын. Осы орайда негізді экологиялық білім беруді биологиялық тұрғыда қарастырып, оның басты түрткісі, қозғаушы күшін биологиялық-эволюциялық даму мен әлемнің экологиялық тұйықтығын зерттеуге бағытталған жұмыстар жоқтың қасы.

Қазіргі проблемалар контекстінде экологиялық білімділікті дамытудың маңызды екендігі анық, оны біз:

– білім, білік және адамгершілік құндылықтық бағыттағы жүйені, іс-әрекет тәсілдерін беретін және коэволюция принциптеріне негізделген адам мен табиғаттың жаңа сапалы деңгейін қамтамасыз ететін экологиялық мәдениетті адам тәрбиелеп шығаруды үздіксіз қамтамасыз ететін биологиялық-эволюциялық негіздегі үздіксіз білім беру деп түсінеміз.

Сонымен, зерттеудің өзектілігінің басты бір ерекшелігі — ол осы педагогикалық-биологиялық проблема зерттеудің бастапқы кезеңі болып табылатындығында. Білім беру мен тәрбиенің педагогикалық теориялары мен практикасын тұжырымдағанда байқалатын жағдай — ол әрбір жаңа уақыт дүниені танудың жаңа формасын айқындайтындығы. Егер өткен кезеңде адам дүниені негізінен жинақталған ақпарат түріндегі жүйе арқылы таныса, қазіргі кез тұлғаның рухани дамуына сай оның интуициясы мен болжау қабілетін қалыптастыратын танымның эмоционалды-сезімталдық басыңқы формасы арқылы танып біледі. Осы себепті біз мынадай қайшылықтарды атап көрсете аламыз:

- жалпы мектептік экологиялық білім берудің даму деңгейінің жеткен межесі мен биологиялық тұрғыдағы эволюциялық-экологиялық білім берудің дамуы арасындағы;
- оқушыларға экологиялық білім берудегі динамикалық тұрғыдағы өсіп келе жатқан эмпирикалық зерттеулер саны мен осы зерттеулердің әдіснамалық негізінің жеткіліксіз жасалғандығы арасында;
- оқушыларға экологиялық сана мен мәдениет қалыптастыруда жаңа педагогикалық технологиялардың қажеттілігі мен зерттеушілер тарапынан оларды жасауға деген ынтаның төмендігі арасындағы қайшылықтар.

Осы айқындалған қайшылықтарды шешудің тәсілдерін анықтау қажеттігі зерттеудің теориялық және практикалық жағынан маңызды проблеманы ашуға бағытталғандығын аңғартады.

Зерттеудің әдіснамалық негіздерін философиялық, педагогикалық және психологиялық ойтұжырымдар құрайды:

- «ноосфералық ойлау» философиясы арқылы дүниенің біртұтастығы жөніндегі көзқарас идеясы (әл-Фараби, В.И.Вернадский, А.Л.Чижевский, Н.А.Моисеев, А.Д.Урсул, Н.К.Рерих т.б.);
- рухани-адамгершілік тәрбие мәселесіне байланысты Шығыстың ұлы ойшылдары (әл-Фараби, Әбу Абдулло Рудаки, Әбу Али Ибн Сина, Насреддин Туси, Ахмади Дониш, Әлішер Навои, Абдурахмон Джами, Махмұт Қашқари);
- гуманистік психология (К.Роджерс, А.Маслоу, К.Н.Вентцель, Э.Фромм, Э.Эриксон т.б.);
- шығармашылықты дамытудың, өзін-өзі дамытудың теориясы жөнінде (М.А.Блох, А.Н.Лук, П.К.Энгельмейер, В.И.Андреев, Я.А.Пономарев, Е.Ю.Сушкова, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов);
- ғылыми-эволюциялық этика, биологиялық-экологиялық этика нормаларына қатысты (Дж.Хаксли, А.Швейцер, Ван Ресселер Поттер Андре Хеллегерс; Г.Спенсер);
- тұрақты даму тұғырнамасы жөнінде (В.А.Коптюг, В.В.Мантатов);
- білім берудің әлеуметтік себептеріне байланысты (А.И.Арнольд, Л.С.Выготский, Я.А.Коменский, И.С.Кон, А.Н.Леонтьев, А.Ф.Лосев, В.В.Розанов, Л.А.Степашко, В.С.Степин т.б.);
- адамның табиғат пен қоғамдағы орыны жөнінде (А.Я.Анцупов, М.М.Бахтин, Н.А.Бердяев, П.И.Гнатенко, Л.Н.Коган, В.С.Соловьев, П.Тейлор де Шарден, Н.Ф.Федоров т.б.);
- білім берудің адамзаттық және ұлттық ара қатысы жөнінде (Е.П.Белозерцев, Г.Н.Волков, Б.С.Гершунский, А.Дистервег, К.Д.Ушинский, В.Д.Шадриков т.б.).

Зерттеудің теориялық негіздерін ноогуманистік білім беру теориясы (Г.П.Сикорская, В.А.Коптюг, Т.В.Кучер, С.А.Иванов); мектеп оқушыларының дүниені танудың ғылыми-жаратылыстанулық негіздерін дамыту (Л.Ю.Чуйков, А.Н.Захлебный, И.Д.Зверев, И.Т.Суравегина) және этикалық педагогика мен тұлғалық-бағытталған білім беру теориялары (М.Н.Дудина, И.С.Якиманская, Е.В.Бондаревская); педагогикалық диалог (С.Курганов, В.В.Серіков, А.М.Сидоркин, М.М.Бахтин); білім берудегі ойлау әрекетінің мәдениеті мен стилін дамыту (Л.М.Андрюхина, А.Н.Алексеев) және экологиялық психопедагогика (С.Д.Дерябо, В.А.Ясвин, Л.А.Родоба, Т.В.Денисов) теориялары құрайды.

Қойылған міндеттерді шешу үшін теориялық әдістер, философиялық, психологиялық-педагогикалық және экологиялық, әдістемелік әдебиеттерді тарихи-логикалық, салыстырмалы талдау, жобалау әдістері қолданылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Наше общее будущее: Докл. Междунар. комиссии по окружающей среде и развитию (МКОСР): Пер. с англ. / Под ред. и послесл. С.А.Евтеева, Р.А.Перелета. — М.: Прогресс, 1989. — С. 37–67.
- 2 Урсул А.Д. Процесс футуризации и становление опережающего образования // Педагогика и просвещение. — 2012. — № 2.
- 3 Коптюг В.А. Конференция ООН по окружающей среде и развитию: Информ. обзор. — Новосибирск, 1992. — 126 с.
- 4 Программа действия. Повестка дня на XXI век и другие документы конференции в Рио-де-Жанейро в популярном изложении: Пер. с англ. / Сост. М.Кинг. Центр «За наше общее будущее». — Женева, 1993. — 70 с.
- 5 Международный форум «Учимся жить вместе. Образование как условие консолидации общества, предупреждения и разрешения конфликтов»: Итоговый отчет. — Бишкек: Кластерное бюро ЮНЕСКО в Алматы, Национальная комиссия по делам ЮНЕСКО Кыргызской Республики, Фонд «Сорос-Кыргызстан», 2012.
- 6 Жадрин М.Ж. Новые возможности совершенствования качества школьного образования // Творческая педагогика. — 2003. — № 2. — С. 2–14.
- 7 Шрагина Л.И., Меерович М.И. Смена парадигмы методологии как способ разрешения противоречия в системе образования // Філософія освіти XXI століття: проблеми і перспективи. — Київ: Товариство «Знання» України, 2000. — С. 167–173.
- 8 Меерович М.И., Шрагина Л.И. Пора спускать лодку на воду (Что такое ТРИЗ?) // Директор школы. — М., 1996. — № 5. — С. 60–67.
- 9 Кавтарадзе Д.Н. Обучение и игра. — М., 1998.
- 10 Вернадский В.И. Биосфера и ноосфера. — М.: Айрис-Пресс, 2004. — 576 с.
- 11 Бад Б.М. Педагогический энциклопедический словарь. — М., 2002. — С. 170.
- 12 Циолковский К.Э. Космическая философия // Русский космизм: Антология философской мысли. — М.: Педагогика-пресс, 1993. — С. 278–281.
- 13 Шарден П.Т. Феномен человека / Пер. с фр. — М.: Прогресс, 1965. — 240 с.

- 14 Моисеев Н.Н. Еще раз о проблеме коэволюции // Вопросы философии. — 1998. — № 8. — С. 26–32.
- 15 Субетто А.И. Управление качеством жизни и выживаемость человечества // Стандарты и качество. — 1994. — № 1. — С. 32–35.
- 16 Бердяев Н.А. Человек. Микрокосм и макрокосм. (Отрывки) // Русский космизм: Антология философской мысли. — М.: Педагогика-пресс, 1993. — С. 171–175.
- 17 Урсул А.Д. Путь в ноосферу. Концепция выживания и устойчивого развития цивилизации. — М.: Луч, 1993. — 275 с.
- 18 Товстуха О.Г., Степанова Н.Ю., Нефедова З.Ю., Гаранина З.В. Экологический мониторинг: Учеб. пособ. для учащихся. — Оренбург: Печатный салон, 1996. — 140 с.
- 19 Қазақстан Республикасының Конституциясы. — 1995 ж.
- 20 Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау жөнінде» Заңы. — 1997. — 15 шілде.
- 21 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егеменді Қазақстан. — 1999. — № 115–116.
- 22 ҚР «Экологиялық қауіпсіздігін сақтау тұжырымдамасы». — № 2967. — 1996. — 30 сәуір.
- 23 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 634 Қаулысы.
- 24 Қазақстан Республикасында Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. — Алматы, 1994. — 40-б.
- 25 Реймерс Н.Ф. Начала экологических знаний: Учеб. пособие. — М.: Изд-во МНЭПУ, 1993. — 262 с.

А.Б.Мырзабаев, Г.К.Турлыбекова, Д.Л.Голованов

Экологическая грамотность — предпосылка ноосферного сознания

Статья посвящена проблемам экологического воспитания. Экологическая грамотность в современном мире — важнейшая проблема системы образования и воспитания. Решением проявляющихся экологических проблем является формирование ноосферного сознания подрастающего поколения. В связи с этим в XXI веке человечество в корне должно изменить свою модель развития. Эти вопросы рассмотрены на основе исследований ученых.

A.B.Myrzabayev, G.K.Turlybekova, D.L.Golovanov

Ecological literacy premises of the noosphere of the consciousness

This article is dedicated to the problems of environmental accomplishment. Environmental awareness of the modern world is the most important problem of education and accomplishment system. Solution of environmental problems manifest themselves — forming noosphere consciousness of the younger generation. In connection with the XXI century, mankind must fundamentally change its development model. These questions are risen on the basis of scientists researches.

References

- 1 *Our general future*: Report of Internat. commission on surrounding ambience and development (MKOSR), Moscow: Progress, 1989, p. 37–67.
- 2 Ursul A.D. *Pedagogic and enlightenment*, 2012, 2.
- 3 Коптыуг В.А. *Conference UNO on surrounding ambience and development*: Information survey, Novosibirsk, 1992, 126 p.
- 4 *The Program of the action. The Agenda on XXI century and the other documents to conferences in Rio De Janeiro in popular interpretation*, Geneva, 1993, 70 p.
- 5 *International forum «Teach to live together. Formation as condition to consolidation society, warning and permits conflict»*: Total report, B.: Cluster agency UNESKO in Almaty, National commission on deals UNESKO Kyrgyz of Republics, Fund «Soros-Kyrgyzstan», 2012.
- 6 Zhadrina M.Zh. *Creative pedagogic*, 2003, 2, p. 2–14.
- 7 Shragina L.I., Meerovich M.I. *Philosophy of education XXI century: problems and prospects*, Kiev: Community of «Znannya» of Ukraine, 2000, p. 167–173.
- 8 Meerovich M.I., Shragina L.I. *Director of the school*, Moscow, 1996, 5, p. 60–67.
- 9 Kavtaradze D.N. *The education and game*, Moscow, 1998.
- 10 Vernadskiy V.I. *The biosphere and noosphere*, Moscow: Ayris-Press, 2004, 576 p.
- 11 Bad B.M. *The dictionary of pedagogical encyclopedic*, Moscow, 2002, p. 170.
- 12 Tsiolkovsky K.E. *Russian cosmism: Anthology philosophical ideas*, Moscow: Pedagogical-press, 1993, p. 278–281.
- 13 Sharden P.T. *Phenomenon of the person*, Moscow: Progress, 1965, 240 p.
- 14 Moiseev N.N. *Questions of philosophy*, 1998, 8, p. 26–32.

- 15 Subetto A.I. *Standards and quality*, 1994, 1, p. 32–35.
- 16 Berdyayev N.A. *Russian cosmism: Anthology philosophical ideas*, Moscow: Pedagogical-press, 1993, p. 171–175.
- 17 Ursul A.D. *The Way in noosphere. Concept of the survival and firm development of civilization*, Moscow: Luch, 1993, 275 p.
- 18 Tovstuha O.G., Stepanova N.Yu., Nefedova Z.Yu., Garanina Z.V. *Ecological monitoring: The manual for students*, Orenburg: Printed salon, 1996, 140 p.
- 19 *The Constitution of the Republic of Kazakhstan*, 1995.
- 20 *Law of the Republic of Kazakhstan «About guard surrounding ambiences»*, July, 15, 1997.
- 21 *Sovereign Kazahstan*, 1999, 115–116.
- 22 «*Concept about ecological safety» RK*, 2967, April, 30, 1996.
- 23 *Order Government Republics Kazakhstan*, June, 19, 2013, No. 634.
- 24 *Concept about Humanitarian forming the Republic Kazakhstan*, Almaty, 1994, 40 p.
- 25 Reymers N.F. *Begin of ecological knowledge: The manual for students*, Moscow: MNEPU Publ., 1993, 262 p.

Репозиторий Қарғу